

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 188 шешімі. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 мамырда № 9-2-135 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2016 жылғы 4 мамырдағы № 19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 04.05.2016 № 19 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі)

Кодексінің 422-бабына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қызметін Рудный қаласының әкімшілік аумағында жүзеге асырылатын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. алынып тасталды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2011.11.30 № 539 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың

кезектен тыс сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

А. Досов

В. Лощинин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігі Салық комитетінің
Қостанай облысы бойынша салық
департаменті Рудный қаласы
бойынша салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Е.Зикеев

10.04.2009

**Қызметін Рудный қаласының әкімшілік аумағында
жүзеге асырылатын барлық салық төлеушілер үшін
тіркелген бірыңғай салық ставкалар**

р/ р №	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу бірлігіне тіркелген салық (айлық есептік көрсеткіш) ставкасы
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК